




FTAXP 17.01.17

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.63>

*¹Саметова Ж.Ш.  ²Мұса Ә.Т.  ³Беласарова Ж.Т. 

^{1,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

² Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹Janagul-85@mail.ru, ²tatai09@mail.ru, ³zhaidar77@mail.ru

ҚЫТАЙДЫҢ «СУ БОЙЫНДА» АТТЫ КЛАССИКАЛЫҚ РОМАНДАҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚ АТАУЛАРЫ МЕН ЛАҚАП ЕСІМДЕРДІҢ ФУНКЦИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл зерттеу мақаламызда қытайдың ерте заман әдебиетінің әйдік үлгісі «Су бойында» атты төрт кітаптан тұратын классик романындағы қару-жарақ атаулары мен лақап есімдербасты негізге алынып қарастырылады. «Су бойында» романы Солтүстік Сұң патшалығы кезіндегі тарихи-әлеуметтік шындықты яғни халық бұқарсының феодалдық езгіге қарсы күресі баяндалады. Оларға басшылық еткендер патша ордасы жағынан қастандыққа ұшырап, алмалсыздықтан бас қосып әділет үшін күрескен жандар. «Тәңір жолын ұстану» деген қағданы ұстанып, әділет іздеген батырлар бас қосады. Бұл оқиғалар романда халық арасында кең тараған мифтік-аңыздармен орынды қиуластырыла тартымды жеткізіледі. Жазушы Шы Найянь романда батырлар обыразын көрнектілендіре көрсететін ұтықты көркемдік амал ретінде олардың барлығына жеке-жеке лақап аттар қояды, және әрбір батыр өзіне лайық қару ұстайды. Бұл жайлар романның көкемдік қуатын, әсерін күшейте түскен. Мақаланың басты мақсаты – романның идеясын, тарихи астарын немесе өзге ерекшеліктерін зерттеу емес, онда суреттелген ертедегі соғыс қарулар мен лақап аттарын зерттеу көзделеді. Ал жұмыстың негізгі міндеттеріне Қытай ерте заман әдебиетіндегі классик шығарма «Су бойында» эпофиясындағы дәстүрлі суық қарулар мен лақап аттарын зерттеу арқылы Қытайдың байырғы мәдениетін тану; әрі аталған романдағы соғыс қаруларын атап, талдау кіреді. Зерттеу нәтижелері екі түйінге жинақталады: бірі, романда суреттелген қытайдың ертедегі қауларын түпнұсқамен салыстыра отырып қарастырылды. Енді бірі, романдағы 108 батырға қойылған лақап есімдер зерттеледі. Мұнда лақап есімдердің романда атқарып тұрған функциясы зерттелді.

Түйін сөздер: Қытай ерте заман әдебиеті, «Су бойында» эпофиясы, соғыс қарулары, лақап есімдер, функциясы.

Кіріспе

Соғыс қару-жарақтарының неше алуат түрі ескі әдебиеттерде көбінесе аттары аңызға айналған қаһармандық тұлғалардың шапқыншы жаулармен бетпе-бет сайыстарын суретту кезінде бірге айтылады. Әсіресе батырлықты, ерлікті аса бір үлкен мақтанышпен өздеріне тәуелдей жырлайтын көшпенді халықтардың әдебиетінде жауынгерлік киім-кешектер мен қару-жарақ атаулары батырдың ерен ерліктерін айгілеуде көп мән беріліп жырланады. Ерте заманда батырлық пен ерлікті арқау еткен шығармалардың тәрбиелік, танымдық ролы аса зор болған. Ерлік оқиғаларға толы мұндай шығармалар дүнижүзіндегі барлық халықтың әдебиетіне дерлік бар. Және ол шығармалар сол халықтың шынайы тарихының негізінде дүниеге келеді. Ондағы тарихи деректер мен халықтың саяси-әлеуметтік, мәдени өмірімен байланысып жататын сан-салалы онамастикалық атауларды зерттеу арқылы да сол халықтың тарихын, байырғы мәдениет айғақтарын танып білеміз. Ерлік оқиғаларды арқау еткен көркем шығармалардың классикалық үлгілерін мұнда атап жатпасақта жұртқа әбден

белгілі. Сондықтан таныс дүнені түгендемей ақ тақырыбымызға тиек болып отырған мәселеге бірден көшейік.

«Су бойында» романындағы қару-жарақ атаулары мен ондағы кейіпкерлерге қойылған лақап есімдердің қызметін қарастыру барысында оның қазақ әдебиетіндегі үлгілермен ұқсастық жақтарының ұқсастық жақтары бар екенін байқаймыз. Қазақ батырлар жырындағы дәстүрлі соғыс қарулары Қытайдың төрт кітаптан тұратын әйгілі романында кең қамтылып суреттеледі. Романда батырлар жырында айтылатын «батырдың бес қаруы» қылыш, найзда, қалқан, айбалта, шоқпар селді қарулардың 250 ден астам тұры аталады. Қазақ қаруларының төркінін зерттеушілер сақ, ғұн заманына бастайды. Ал бұл қарауларды қытай ғалымдары ежедгі патшалық дәірлерден жалғасып келген дәстүрлі қаруы ретінде қарастырады (Шін Боджун, 1993). Шындығында қайсы елден қайсы елге ауысты ол жағы анық емес. Себебі бір елге тәуелді деп қаралатын мәдени бұйымдар алыс аймақта жатқан тағы бір елде басқаша түр тауып қолданылып жатады. Мәдени алмасулар кезінде бір елден бір елге еніп тәуелденіп кеткен түрлі заттық бұйымдар –киім-кешектер мен қару-жарақтарды салыстыра зерттеу арқылы біз ертедегі халықтардың тарихынан, мәдениет өресінен, тұрмыс-тіршілігінен белгілі дәрежеде мәлімет ала аламыз. Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Қосай, Қабанбай, Бөгенбай, т .б. қазақтың батырлық дастандарында батырдың ерлігін әйгілеп, теңдессіз батырға тән бөлекше тұлғасын танытатын өзіндік сауыт-жарақтары болған.Мысалы, бір батыр найза мен қылышты ұстаса, енді бірінің қолайына айбалта мен сойыл сай келген. «Су бойында» романында суреттелетін 108 батырдың әрқайсысы өз ершелігіне сай қару ұстаған. Соған байланысты қарудың үлкендігі мен үлгісі де түрленіп көбейе түскен. Әдетте, атты жауынгер ат үстіне қолайлы шағын қалқан ұстаса, ал жаяу жасақтар қорғануға және шеп құруға арналған үлкен қалқандар ұстайды. Әрі соғыс жағдайы мен қажетке сай қарудың түрлері де көбейеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Аталған тақырыпты зерттеуге қазақтың батырлық жырлары және ондағы соғыс көріністері туралы зерттеулер, сондай-ақ қытайдың ең алғашқы төрт үлкен классикалық шығармасының бірі «Су бойында» романы, және ол жайындағы зерттеулер пайдаланылды. сонымен бірге Қытайлық, Еуропалық ғалымдардың Қытай әдебиеті жайында айтқан тұжырымдары мақалада ғылыми дәйек ретінде берілді. Тақырыпты зерттеу кезінде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері қолданылды. Әрі Қытайдың әдебиетші, сыншы ғалымдарының зерттеу тақырыбына тікелей қатысты болған материалдар молынан жиналып, сұрыпталып контенттік және синтерздік анализдер жасалды. Сонымен қатар ғылыми зерттеу еңбектердің стиліне тән болған талқылау, саралау, жүйелеу, дереккөздерге сүйеніп салыстыру, талдау жасау секілді зерттеу әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің негізгі материалы болған «Су бойында» романы – Қытайдың көне халықтық тілінде жазылған алғашқы романдардың бірі болып табылады. Романның ең алғашқы нұсқасы Юан патшалығының соңғы мазгілінен Миң патшалығының алғашқы жылдарында белгісіз халық авторлары жағынан жазылған да, кейін Шы Найянь (1296 – 1370) атты адам алғашқы сюжеттік желі негізінде шын мәніндегі кемелді көркем романға айналдырады. Бұл романда Қытай әдебиет тарихында феодалдық қоғамдағы басты қайшылық – шаруалар табы мен помещиктер табы арасындағы қайшылықты бірінші рет кең ауқымда баяндалады. Романның тарихи астары ретінде шаруалар көтерілісі сол замандағы өмір көріністерімен сайкестіріле өте тартымды суреттеледі. Романда Сұң Жияң басшылық еткен 108 батыр Ляншаң қонасында бас қосып, қарапайым бұқараны теңдікке жеткізу жолындағы әділетті күрес жүргізеді. Романдағы 108 батыр шетінен ел ардагері атанған айтулы адамдар. Және олардың бәрі де өзіне тән сипатқа ие батырлар. Романдағы оқиғалар, кейіпкерлер тұлғасы халық аңыздарындағыдай барынша әсерленіп

суреттелгенімен, онда феодалдық қоғамның зұлматы мен үстем таптың қылмысы әшкереленіп, халықты еріксіз қарсы шығуға мәжбүрлеген тарихи шындық жазылады. Шаруалар көтерілісінің әлеуметтік тамыры қатыгез феодалдық езгіде жатқанын, әрі шарауалар көтерілісінің әділдігін растап мадақтайды. Роман кейіпкерлері өзгеше мінез портретпен сипатталып, әр батырдың бірнеше лақап аты және өзіне сәкес қаруы болған. Бұл зеррту мақалада романның өзге жетістіктерін емес, 108 батырдың қару-қарағын, лақап аттарын атай отырып, оны қазақ батырлар жырында кездесетін үлгілермен салыстыра зерттеледі.

Талдау

«Су бойында» романы Қытай әдебиет тарихында айырықша орын алатын тандаулы шығармалардың бірі. Бұл романның өзге шығармалардан дараланып классик деңгейге көтерілуінің себебі туындының иеясы мен көркемдік табыстары ғана емес, тарихи деректік және мәдени құнға ие болуында болса керек. Романда кездесетін қару-жарақтар ондағы батырлар обыразын ашатын маңызды детал ретінде де ғана емес, сол заманның тарихи, мәдени және әлеуметтік жағдайынан белгілі дәрежеде хабар таптырады. Қытайдың «су бойында», «үш бектік», «батысқа сапар», «қызыл сарай түсі» қатарлы әйгілі классик шығармалары Қытай халқының ежелгі мәдениетінің жауһары саналатындықтан, ол туралы зерттеулер деэрқырынан қарастырылып, толассыз жалғасып келеді. «Су бойында» романның тарихи астары, көркемдік ерекшелігі, онда көрініс тапқан мәдени мұралар мен қару-жарақ атаулары жайында Қытайлық және шетелдік ғалымдар тарабынан зерттелді. Солай да біз бұл ретте романдағы қару-жарақ атаулары мен кепкерлерге берілген лақап есімдер туарлы жаңаша пайымдаулар жасайыз.

Романда ежелгі соғыс қаруларының көп түрі аталады. Романдағы 108 батырдың обыразын көрнектілендіру мақсатында әрбір кейіпкердің бөлекше сипатын дараландыратын лақап аты, ұстайтын қаруы болған. Және әр батрдың ұстаған қаруы бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, ғарыштағы жалқы пері – теңбіл шайқы Лу Жышын 62 жындық батпан күрзі ұстаса, ғарыштағы айбарлы пері атанған Ху Янжо қос қамшы ұстаған. Ал ғарыштағы қаһарлы пері – Қабылан бас Лин Чұң шашақты ұзын сапты найза ұстайды. Батырлардың ұстаған қаруынан олардың мінездемесі айшықталып көрінеді. Мәселен, романда Шаухуашан тауын мекенеткен үш атаман туралы былай суреттеледі. «Бас атаман керемет ақылшы Жу У әсілі Диң Юан ауданының амамы. Қос жүзді қылыш ұстайтын, дара шыққан дарынды болмаса да ұрыс өнерін жете игерген, асқан айлакер жан еді. Екінші орындағы батырдың аты Чын Да. Ол қолына ақтаңдақ болат найза ұстайтын. Үшінші атаманның аты Яң Чұн» (Шы Нэйянь, 2009). Романда бұл үш атаман туралы суреттеуде былай беріледі:

*«Дауысы өр, дойыр мінез, әлуеті асқан,
Нйза үйірсе айналар зеңгір аспан.
Чын Даны Хуайыншанда сабаз ерлер,
Атайды жолбарыс деп құзға шапқан,*

*Қайқыш бел, сидам білек, қарулы алып,
Беталды сес көрсеткен қылыш жанып.
Бекінген Хуашан тауын ердің бірі,
Есімі шыбар жылан елге қанық» (Шы Нэйянь, 2009).*

Бұл суреттеулерде Шаухуашан тауы бекінісіндегі үш атаманның ұстаған қарулары олардың обыразын ашып, даралық қасиеттерін айқындап көрсеткен. Сондай-ақ,

батырлардың ұрыс алаңында қару үйіріп өнер көрсетуі шығарманың көркемдік әсерін арттырумен бірге, оқиға желісінің өрбуіне, шиленісе түсуіне үлкен септігін тигізген.

«Арлы-берлі сайыс сап, өрлі-қырлы шабысты, терең теңіз түбінде көк маржанға таласқан айдаһардай алысты. Құз жартастың белінде жас жемтікке таласқан жолбарыстай жұлқысты. Тоғыз жолақты айдаһар қаһарына мініп, үш ұшты қылыш төбесінде ойнатты. Шыңырауға шапқан жолбарыс кәрін төгіп, сегіз кездік найзасын кеудені көздеп кезеді. Батырдан да асқан батыр бар, ердең ерін көрген де тақымында тақымында күлерсін»(Шы Нэйянь, 2009),–дегендей жан еді.

Бұлтоғыз жолақты айдаһар Шы Жинь мен жердегі кезеген дию – шыңырауға шапқан жолбарыс Чын Даның сайыс салғандағыкөрініс еді. Романда батырлардың ұрыс майданында дарынын әйгілеп өнер көрсеткені; жауына аш қабыландай атылып, жапыра жеңгені; ерлігі мен ерен тұлғасына сай қолына алған қаруын жауына қаһарлана үйіргені бәрі де аса жанды суреттелген. Батырдың қолындағы қаруының салмағы, үлкендігі, батырдың айбатына айбат қосқан сұстылығы мен мықтылығы түгелдей оқушысын қызықтырып, оқиға желісін онан ары шарықтатып отырған. Қысқасы, барлық батырдың ұстаған қарулары алуан түрлілігімен, бөлек сипатымен, ерекшелігімен романның тарихи құнын да, көркемдігін де асыра түскен.

Зерттеу нәтижелері

Ерте заманда бүгінгідей жойқын от қарулар жарыққа шықпаған кезде, дәстүрлі суық қаруларды ғана қолданған. «Су бойында» романда 108 батырдың тұлғасын даралау мақсатында бәрі де әр түрлі қарулар ұстады делінеді. Алайда, Қытайдың ескі әдебиеттерінде дәстүрлі суық қарудың он сегіз түрі бар екені айтылады. Олар жасалуына, материалына, қолданылу көлеміне қарай мұнан да көп түрлерге бөлінеді. Қытай ғалымы Жұң Шауй «Қытайдың ежелгі суық қаруларының тарихы мен дәстүрі» атты зерттеу кітабында дәстүрлі суық қаруларды ұзын, қысқа, жұмсақ, атылатын, қорғанатын және аралас құралдар деп алты түрге бөлген (Жұң Шауй, 1999). Ал «Су бойында» романында бұл аталған қарулардың он алты түрі аталып суреттеледі. Бұларды мына суреттен көре аламыз.



сур

ет. Қытайдың ерте кезінде қолданған он сегіз түрлі дәстүрлі суық қарулары

Алайда, «Су бойында» романында суреттелген соғыс қаруларының түрі бұл суретте көрсетілгеннен де әлдеқайда көп екенін байқаймыз. Романның «Уаң тарбиешінің Янән аймағына зытып кетуі», «тоғыз жолақты айдаһардың Шыжиясұн қытағын ойран етуі» атты тарауларында он сегіз соғыс өнерін тілге алады. Романда: «Шы Жинь күн сайын Уаң тарбиешіден сабақ алып, сайыстаың он сегіз түрлі өнерін үйренді» (Шы Нэйянь, 2009) делінеді. Мұндағы он сегіз түрлі өнер романда балай суреттеледі.

*«Найза, шоқпар, қылыш, сойыл, қанжар, қалқан,
Жебе, балта, шалма, қамшы, құрық, бақан,
Темір аша, шойын деп, сере үйірін,
Садақ, семсер, сақпымен етер талқан»* (Шы Нэйянь, 2009).

Романда суреттелетін дәстүрлі суық қарулардың он сегіз түрі Қытай ғалымдар аталған шығарманы зерттеу кезінде де түрлері бойынша түсіндірген. Қытай әдебиетінде «он сегіз қару өнері» делінсе, Қазақ әдебиетінде «бес қаруын асынып», «бес қаруы бойында» немесе «бес қаруын сайлаған, алмас өткір қайраған, белде қылыш байлаған, қолына жебе, найза алған» (Жеті ғасыр жырлайды, 2004) деген секілді сөз тіркестері мен жыр жолдары жиі айтылады.

Ғылыми әдебиеттерде батырлардың қару-жарағы, әскери өнері және олардың қолданған соғыс қарулары көп айтылып, жазылып келеді. Бұл дәстүрлі суық қарулар жасалу материалына қарай ағаш, темір, алмас, т.б. деп бөлінсе, атқаратын функциясына қарай ату қаруы (садақ, запқы, оқ), кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), түйреу қаруы (найза, сүңгі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан), соғу қаруы (күрзі, шоқпар, сойыл, қамшы) деп бөлінеді. Сондай-ақ, соғыста ұстаған қаруларына қарай сарбаздарды садақшы, қылышкер, қамшыгер, найзагер, айбалташы, шоқпаршы, сойылшы деп атаған. Қазақ батырлар жырындағы «бес қаруы бойында» деген сөз ол қаруларды батырлардың ат үстінде бойына асынып жүретіндіктен де солай аталған. Батырлар жекпе-жек кезінде найза, қылыш, айбалта, шоқпар, садақ сынды бес қарумен сайысқа шыққан. Демек, қарудың функциясы қай халықта да болса бірдей, соғыс кезінде жаумен сайысу, шабуылдау, қорғану үшін пайдаланылады. Тек есте болатын мәселе, әр мемлекеттің немесе халықтың ұқсамаған дәуірдегі даму сатысы мен материалдық жағдайына қарай ерекшелік ие болады, әрі біртіндеп дамып отырды. Мәселен, Қытайдың ерте замандағы соғыс қаруларының дамуын мынадай үш кезеңге бөлінеді: Бірінші кезең, тас дәуіріндегі соғыс қарулары, екінші кезең, қола дәуіріндегі соғыс қарулары, үшінші кезең, темір дәуіріндегі соғыс қарулары (Шүй Юңчян., Ли Руижин, 2017). Ал Қытай ғалымы Хан Лифың «су бойында» романындағы соғыс қаруларын зерттеу» (Хан Лифың, 2016) атты еңбегінде романдағы он сегіз түрлі қаруды түгел аттарын атап көрсетеді де, аталған шығармада дәстүрлі суық қарулардың 250 ден астам түрлері бар екенін айтады. Аталған еңбекте көрсетілген он сегіз қарудың түрлерін қытайшасымен қоса көрсетейік.

1-кесте. 18 түрлі қарудың қытайша атаулары мен аудармасы

	Қытайша түпнұсқа	Қазақша аудармасы	Түсініктеме
1	弓	Садақ	Садақтың алып жүруге жеңіл, ең жай түрі
2	弩	Жер садақ (құрама садақ)	Алып жүруге қолайсыз, ауыр түрі. Бір жолда неше ондаған оқ жібере алады.
3	枪	Сүңгі	Түйреу қаруы, найза ролында да қолданылады.

4	刀	Семсер	Кесу қаруы.
5	劍	Наркескен	Кесу қаруы, аса өткір қанжар
6	矛	Найза	Түйреу қаруы.
7	盾	Қалқан	Қорғану құралы.
8	斧	балта	Шабу қаруы.
9	钺	Айбалта	Шабу қаруы.
10	戟	Найзалы балта	Әрі шабу, әрі түйреу қаруы
11	殳	Ақинақ	Түйреу қаруы, сегіз қырлы үшкір найза
12	鞭	Қамшы, бишік	Соғу қаруы, ағашқа сапталған кәдімгі қайыс қамшы.
13	銅	Темір қамшы	Соғу қаруы.
14	錘	Шокпар	Соғу қаруы.
15	叉	Айыр найза	Түйреу қаруы.
16	钹	Ашалы шанышқы	Түйреу қаруы.
17	戈	Сидам сүңгі	Түйреу қаруы.
18	棍	сойыл	Соғу қаруы.

Бұлар «Су бойында» романында ғана емес, Қытайдың ескі әдебиеттерінде де көп айтылатын соғыс қаруларының ең бастылары. Ертедегі соғыс қаруларын зерттей отырып, бір елдің ежелгі өркениетінің деңгейін де шамалауға болады. Қазақ батырлар жырында «Су бойында» романында суреттелетін қарулардың аталуында ұқсастықтар да кездеседі. Мәдени алмасулар бойынша соғыс қарулары бір елден тағы бір елге көшіп отырғаны да шындық. Қазақ батырлық жырында бұл соғыс қаруларының көбі айтылады. Алайда, Қазақтар найза, қылыш, садақ, қалқан сияқтағы қарулардың тегін сонау Сақ дәуірінен таратса, Қытайлар 2500 жыл бұрынғы қола, темір дәуірінен бастайды (Жың Тиеүй, 2008). Ату қаруларының бастыларының бірі Садақтың шығу төркіні Сақтар заманынан басталады. Тарихи деректерде «скифтер садағы», «ғұн садағы», «түркі садағы» деген садақ түрлері кезігеді. Қазақ батырлар жыры мен өзге тарихи шығармаларда, зерттеу еңбектерде көрсетіліп «Қазақтың ертедегі қару-жарақтары» немесе пәлен батырдың қаруы дегендердің бәрі де Сақ дәуіріндегі қарулардың дамыған түрі есптеледі (Айбын. Энциклопедия, 2011). «Су бойында» романында садақтың «жарғақ қапты садақ», «серіппелі садақ», «бүркіт суретті садақ», «сауысқан суретті садақ» қатарлы түрлері кездесе, дәл сол сияқты жасаған шикізатына қарай «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» және қайыңның қабығымен қаптаған сарғыш түсіне қарап «сарсадақ» делінеді. Еспенбет жыраудың «сарсадақ іліп беліме, айғайлап жауға тием деп» (Б. Әлімжанов, 2019) дейтын жыры осыны аңғартады. Садақтың бұл түрлері «саржаға» деп те аталады.

Ал найзаның түрлеріне келер болсақ, «Су бойында» романында найзаның «ақинақ», «құрыш найза», «көк сүңгі найза», «жиде сапты найза», «қармақты найза», «үшкір найза» қатарлы түрлері кездесе, Қазақтың ертедегі әдебиетінде яғни батырлармен жыраулар жырында найзаның «сүңгі», «жебелі найза», «жыда», «қайың найза», «қарағай найза», «емен найза», «жалаулы найза», т. б. түрлері бар (Батырлар жыры, 2006). Мұндағы «жебелі найза» дегені найзаның көбебұзар басына темірден жасалған үшкір үш орнатылады. Батырлар жекпе-жек ұрыста, қоян-қолтық айқаста найзасын жебе ретінде жауға лақтырады. Мысалы, «Ер Қосай» жырындағы «жебелі найза қолында, бес мың қолдың соңында» деген айтулы сөзі соның куәсі. Сондай-ақ, атағы шыққан әйгілі батырлар айрықша бөгенай ретінде найзаға ту қадап, шашақ таққан. «Жалаулы найза қолға алып» (Ақтамберді), «шашақты найза қанға сүңгіп тұншықпай» (Шақшақ Жәнібек), «қолбасы ер Қабанбай ту ұстаған, қайраты

қаһарланса құрыштаған» («Кабанбай» жырынан), т.б. бәрі де батырдың айбатын асырып, өзгеден дараландырып тұратын. Олардың туы мен қаруына қарап дәрежесін де біліп парықтандырып отырған.

Кесу құралының негізгісі – қылыш. Оның қолданылуы мен жасалуына, үлкендігіне, пішініне қарай «семсер», «сапы», «қанжар», «кездік» т.б. деп атаған. Зерттеу материалдарында қылыштың алғашқы үлгілері де садақ, найзамен қатар сақ, скиф, сарматтар заманында жарыққа шыққан делінеді. Біздің заманымыздың III ғасырларында жасалғаны 70 см мөлшерінде болып, оны «ақинақ» деп атаған екен. Қытайдың «су бойында» мен «үш бектік» романдарында да «ақинақ» деген қару кездеседі. Мысалы, «үш бектік» романдағы атақты батыр қолбасы Лүй Будың қолына ұстаған қаруын да «ақинақ» деп атаған. Оның «ақинақ» деп атаған қаруы басына айбалта жүзді ұзын сапты найза болатын. Қылыш кесу қаруларының әрі ортақ атауы, оның қынға салып жүруге қолайлы шағын түрлерін «семсер», «сапы», «қанжар» деп атаса, ал үлкендерін қылыш, «алдаспан» деп атаған. Мұның «алдаспан» аталуының себебі тек аса өткірлігі ғана емес, үлкендігіне байланысты да болса керек. Алдаспанның салмағы ауырлау болуы үшін сырт жағын шығыңқы, жалпатқтау кееледі. Қылыштың қырын «жалман» дейді. Шапқанда ағынмен жайратып түсіру үшін жалмандарын үлкейтіп жалпақ етіп жасайды. Ол үлкен әрі ауыр қылыштар қынсыз, жалаң алып жүреді. Мұндай ауыр қаруды қатардағы жай сарбаздардың кезкелгені ұстай алмайды, оны тек күшты, қарулыбатырлар ғана ұстаған. Ертедегі батырлар Парсылардың «исфахан» деп аталатын қылышын да пайдаланған, мұны Қазақтар «наркескен» дейді. Мұнан басқа қазақ батырлары арабтардың «зұлпықар» аталатын қылышын да қолданған.

Ертеде соғыс кезінде көп қолданылатын кесу құралының бірі – балта. Қолданылу орнына қарай неше алуан үлгіде жасалған. Балта шығу тарихы ұзақ, көп қолданылатын қаруға жатады. Қазақтың батырлық жырында айбалта туралы айтылатын жыр аз емес. Мысалы, «Шақшақ Жәнібек» батырында: «қарыс кірген жалманынан айбалта, дал-дү қылып алды басын суырылмай» (Батырлар жыры, 2006) деп жырланады. «Су бойында» романында да балта басты қару райында тілге алады. Жасалу формасы мен қолданылуына, материалына қарай «қос балта», «алтындаған айбалта», «тау шабар дәу балта», «құйма сапты балта», «ұзын сапты балта» т. б. түрлерге бөлінеді. Аталған романда балтамен қатар шоқпар, сойыл, айыр қатарлы қарулар да айтылады. Романдағы ату, кесу, түйреу, шабу, соғу қаруларын толығырақ білу үшін қазақша аудармасы мен қатар қытайша түпнұсқасын бірге ұсынамыз.

2-кесте. «Су бойында» романындағы қару-жарақтардың қытайша атаулары мен аудармалары

Ату қаруы		Кесу қаруы		Түйреу қаруы		Шабу қаруы		Соғу қаруы	
Түпнұсқа	Аудармасы	Түпнұсқа	Аудармасы	Түпнұсқа	Аудармасы	Түпнұсқа	Аудармасы	Түпнұсқа	Аудармасы
弓箭	Садақ	宝刀	Семсер	竹枪	Істік бамбук	金蘸斧	Алтындаған айбалта	大插棒	Сілтеме сойыл
响箭	Жебе	尖刀	Пышақ	钢枪	Құрыш найза	双斧	Қас балта	插木炮石	Кесек дөңбек
皮靶弓	Жарғақ қапты садақ	白铁刀	Жасық темірден жасалған қанжар	槌叉	Айыр темір	开山大斧	Та шабар дәу балта	脊仗	Дүре
川弩	Серіппелі садақ	滚刀	Қылыш	笔管枪	Көк сүңгі найза	宣花大斧	Құйма сапты балта	水火棍	Жаза таяқ
窝弓	Улы жебе	解衣刀	Кездік	锄头	Тесе	大斧	Ұзын	铜链	Мыс

药箭							сапты балта		шынжыр
鎗箭	Жебе	剔骨尖刀	Сүйек шабар өткір қанжар	铁界尺	Сақина темір	板斧	Айбалта	杆棒	Таяқ
插雕弓	Бүркіт суретті садақ	丧门剑	Наркескен	枣木槊	Жиде сапты найза	劈柴斧	Отын жарар жай балта	哨棒	Сойыл
鹊画弓	Сауысқан суретті садақ	雌雄宝剑	Зұлпықар	钩镰刀	Қармақты найза			搅草棍	Сойыл
雕翎鎗子箭	Бүркіт қауырсынды жебе	青龙刀	Айдаһар нақышты қылыш	柳叶枪	Үшкір найза			流星铜链	Ақпа жұлдыз шоқпар
挠钩	Қармақшы	三尖两刀四窍八环刀	Үш ұшты, екі дүзді, төрт алқымды, сегіз бунақты қылыш	留客往	Сере			黄金熟铜铃杆	Жез қоңырау байланған аса
		三尖刀	Үш ұшты қылыш	铁搠	Темір найза			禅仗	Батпн күрзі
		腰刀	Қанжар	飞叉	Үшпалы айыр			讯棍	Таяқ
		朴刀	Ұзын сапты қылыш	三股莲花叉	Үш ашалы құрыш айыр			锤	Шоқпар
		解腕尖刀	Топсалы алқымды қанжар	弩子槿叉	Айыр ұшты сүңгі			白木棍棒	Қайың сойыл
		锷铍宝剑	Ақ алмас	矛	Найза			水磨禅仗	Әсем өрнекті темір күрзі
		松文古定剑	Зұлпықар	丈八矛	Сегіз кездік найза			火刀, 火石	Тас шақпар

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай «Су бойында» романында қарудың түрлері өте көп. Оның бірталайы қазақ батырлар жырында да кездесетінін мысалдар арқылы көрсеттік.

«Су бойында» романының көркемдік қуатын асыра түскен келесі бір ерекшелік 108 батырға түгелдей лақап аттардың қойлуы. Әдетте лақап есім көбінесе адамның мінезін, сырт келбетін өзгеден бөлекшелендіріп көрсету үшін қойылады. Лақап есім қою барлық халықтарға ортақ. Бұл туралы Т.М.Абдрахманова өзінің қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдердің ерекшелігін қарастырған зерттеуінде лақап аттардың көбіне ер адамдарға қойылатынын айтады (Абдрахманова, 2004). Ал «Су бойында» романында кездесетін әйел батырларға да лақап ат берілген. Онда бірінде батыр әйелдің срыт сұлулығын «сұмбыл шаш Ху Санниан» деп көрсетсе, енді бірінде «ұрғашының жолбарысы Гу Дасау», «әйел жадыгөй Сүн Ырнияң» деп олардың мінезі мен батырлығын даралайтын лақап аттар қояды.

Белгілі ғалым С.Ә.Рахымберлина «Лақап есімдердің пайда болу себептері» атты мақаласында лақап есімдерін қоюдың себептерін де көрсетеді (Рахымберлина, 2009). Шын мәнінде адамдарға лақап есім тектен-текке қойылмайды. Күнделікті өмірде белгілі мақсат, белгілі жағдайға байланысты лақап есім қойылса, ал көркем шығармаларда жазушы суреттеп отырған кейіпкерлерінің мінезін даралап көрсету үшін лақап есімді стилдік құрал ретінде пайдаланады. Қарастырып отырған «Су бойында» романындағы 108 батырға берілген лақап есімдер олардың мінезін даралап көрсету үшін алынған. Пікіріміздің дәлді болу үшін аталған романдағы 108 батырдың лақап есімдерін толық көрсетейік.

Ғарыштағы бас пері – әділет жаршысы Сұң Жияң, ғарыштағы аға пері – асылзада Лу Жүни, ғарыштағы ақыл пері – сұңғыла У Юың, ғарыштағы кезбе пері – бұлт айдағары Гүң Сүншың, ғарыштағы батыр пері – қылышпаз Гуан Шың, ғарыштағы қаһарлы пері – Қабылан бас Лин Чүң, ғарыштағы сұрапыл пері – әпербақан Чин Миң, ғарыштағы айбарлы пері – қос камшылы камшыгер Ху Янжо, ғарыштағы егей пері – ендігінің Ли Гуаңы Хуа Рүң, ғарыштағы бағлан пері – екпінді құйын Чай Жин, ғарыштағы ырыс пері – көк тілген қыран Ли Иың, ғарыштағы мұрат пері – сұлу сақал Жу Түң, ғарыштағы жалқы пері – теңбіл шайқы Лу Жышын, ғарыштағы ақаулы пері – диуана У Сүң, ғарыштағы қайрат пері – қос найзалы Дүң Пин, ғарыштағы төтен пері – қанатсыз жебе Жаң Чиң, ғарыштағы сары жолды пері – көкжал Яң Жы, ғарыштағы қорған пері – алтын найзалы найзагер Шүй Ниң, ғарыштағы далбаса пері – алда шабар Со Чау, ғарыштағы жүйрік пері – желаяқ Дэй Зүң, ғарыштағы ғайып ерен пері – жирен шашты сайтан Лю Таң, ғарыштағы қырғын пері – қара құйын Ли Күй, ғарыштағы сәл қуат пері – тоғыз жолақты айдағар Шы Жин, ғарыштағы түп-түқян пері – топтан торай бермеген Му Хүң, ғарыштағы шегіншек пері – қанатты барыс Ли Хың, ғарыштағы ғұмыры ұзақ пері – дөрия сапырғыш айдағар Ли Жүн, ғарыштағы зұлпыһар пері – жердегі жебірейіл Руан Шиау-ыр, ғарыштағы таразы пері – от кемесі Жаң Хың, ғарыштағы кәнакар пері – ғұмыры қысқа Руан Шиау-у, ғарыштағы бейнет пері – толқындағы ақшабақ Жаң Шүн, ғарыштағы майырылғыш пері – Фанидегі ғазырейіл Руан Шиаучи, ғарыштағы зындан пері – қатпа сары Яң Шиүң, ғарыштағы зерде пері – жанқияр үшінші Шы Шю, ғарыштағы қатыгез пері – екі басты жылан Шие Жын, ғарыштағы көзі жасты пері – айыркүйық шаян Шие Бау, ғарыштағы епшіл пері – шері Ян Чиң, жердегі бас дию – керемет ақылшы Жу У, жердегі аға дию – Үштау қожасы Хуаң Шин, жердегі қайрат дию – қатпа сары Сүн Ли, жердегі ардақты дию – сиықсыз күйеу Шуан Зан, жердегі қаһар дию – бұлан батыр Хаусы Уын, жердегі айбар дию – жеңімпаз қолбасы Хан тау, жердегі егей дию – көреген қолбасы Пың Жи, жердегі ғажайып дию – киелі су қолбасы Шан Тингүй, жердегі сұрапыл дию – киелі от қолбасы Уй Диңго, жердегі қаламгер дию – киелі қолды жазушы Шиу Раң, жердегі әділ дию – рясиз пәтуәші Пей Шуан, жердегі кеңқолтық дию – бұлт жарған алтын канат Оу Фың, жердегі мұкамал дию – қызыл көз арыстан Дың Фи, жердегі арыс дию – жібек жүнді жолбарыс Ян Шүн, жердегі сары жолды дию – қамқалы қабылан Яң Лин, жердегі кіндік дию – жайратқыш Лиң Жын, жердегі көріпкел дию – есепші әулие Жияң Жиң, жердегі пана дию – ендігінің Уын Хуы Лүй Фаң, жердегі қорған дию – Рын Гүйді ағалаған Го Шың, жердегі керемет дию – әулие емші Ән Даучуан, жердегі малсақ дию – жирен сақалды ағай Хуаң Фудуан, жердегі сәл қуат дию – суыр аяқ жолбарыс Уаң Иың, жердегі зерде дию – сұмбыл шаш Ху Санниан, жердегі қатыгез дию – жез тырнақ Бау Шүй, жердегі аталы дию – жалғанды жалпағынан басқан қаражын Фан Рүй, жердегі ұрдажық дию – қяңқы Күң Миң, жердегі найзамды әпер дию – күйгелек Күң Лияң, жердегі қанатты дию – сегіз қол батыр Шияң Чүң, жердегі жүреген дию – қанатты дәу Ли Күн, жердегі епшіл дию – меруерт қолды шебер Жин Дажиян, жердегі ұғымтал дию – сыбызғышы пері Малин, жердегі елпек дию – апаннан шыққан айдағар Түң Уй, жердегі шегіншек дию – теңіз сағымы Түң Мың, жердегі көл-көсір дию – ақ жалаулы сырық дене Мың Каң, жердегі еліктегіш дию – сүйрік қол маймыл Хоу Жиян, жердегі кезеген дию – шыңырауға шапқан жолбарыс Чын Да, жердегі

күлегеш дию – ақшыбар жылан Яиң Чүн, жердегі ерен дию – ақ мырза Жың Тяньшу, жердегі жосықты дию – тоғыз құйрықты тасбақа Тау Зунуан, жердегі сымбат дию – темір желпуішті Сүн Чиң, жердегі бұлбұл дию – әнші Юе Хы, жердегі төтен дию – теңбіл жолбарыс Гүң Уаң, жердегі жүйрік дию – жебе тиген жолбарыс Диң Дысүн, жердегі астам дию – топтан торай бермегеннің інісі Му Чүн, жердегі қунақы дию – пышақпаз сайтан Сау Жың, жердегі жайпар дию – бұлт мінген санат Сүн Уан, жердегі жын сұрей дию – аспан сипар Ду Чиян, жердегі жымсыма дию – дымкас жолбарыс Шуе Юың, жердегі бұқпа дию – шикілкөз барыс Шы Ін, жердегі саяқ дию – барыс соққан батыр Ли Жүн, жердегі далбаса дию – жас есерхан Жоу Түн, жердегі жалқты дию – теңбіл қабылан Таң Лүн, жердегі ер серік дию – сайтан сиық Ду Шиң, жердегі дембелше дию – орман айдағары Зу Юан, жердегі мүйізді дию – сыңар мүйіз айдағар Зу Рұын, жердегі апанды дию – шөл кесерткісі Жу Гүй, жердегі бойтаса дию – күлегеш барыс Жу Фу, жердегі көкжиек дию – темір қол Сай Фу, жердегі ғазабан дию – үкілі Сэй Чиң, жердегі майталман дию – жан алғыш Ли Ли, жердегі көзқарақ дию – шегір жолбарыс Ли Юын, жердегі сумақы дию – сазбет Жияу Тиң, жердегі сұсты дию – тас қолбасы Шы Юүн, жердегі есепқой дию – ендігінің Үй Чыңғұны Сүн Шин, жердегі әйел дию – ұрғашының жолбарысы Гу Дасау, жердегі қасап дию – бағыбан Жаң Чиң, жердегі әлуетті дию – әйел жадығөй Сүн Ырнияң, жердегі асау дию – жай анасы Уаң Диңлю, жердегі сәлемет дию – дәуперім Үй Баусы, жердегі қосаяқ дию – қаптесер Бай Шың, жердегі ұры дию – кезбе бүрге Шы Чиян, жердегі қабаған дию – сары төбет Дуан Жиңжу (Шы Нэйянь, 2009).

Лақап аттардың көркем әдебиеттегі функциясы арнаулы зерттелуге тұрарлық тақырып. Қазақ тіл ғылымында бұл тақырып жөнінде Т.Жанұзақов, Т.Абдрахманова, А.Бахамова, Г.Байғосынова т.б. ғалымдар зерттеу еңбектер жазды. Бұл ғалымдар лақап есімдерін көбінесе тілдік тұрғыдан қарастырды. Және лақап есімдердің қойлу себептерін көрсетті. Лақап есімдердің қойлуы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың өзгерісіне сай жаңа ершеліктер иеленеді. Ерте кезде аттас адамдарды парықтау олардың ру тегін қоса айтатын болса, кейін қоғамдық қызыметтеріне немесе жеке басындағы ерекшелікке байланысты лақап аттар қоятын болған. Мысалы, әкім мұрат, әнші мұрат, күйгелек мұрат, бұзау мұрат деп түрлі ерекшеліктеріне қарай атайды. Лақап есімдердің қойлу себептері, мәдени және ұлттық сипаты өз алдына жан-жақты қарастырылатын мәселе.

Көркем шығармада жазушы кейіпкеріне лақап есімдер беруінің екі түрлі маңызды себебі бар: бірі, лақап аттарды жазушы шығарманың көркемдік құнын арттыру мақсатындаарнайы стилдік құрал ретінде пайдаланады. Екіншіден, кейіпкерлер мінезін даралап көрсету үшін олардың түрлі ерекшелігіне қарай ат қояды. Сол арқылы туындыгер алға қойған идеялық, көркемдік мақсатын орындайды.

Қорытынды

«Су бойында» романы Қытайдың шоқтығы биік классикалық әдеби шығарманың бірі. Қытай ғалымдары бұл романның иеясі, тархи астары, ұлттық сипаты, ондағы кейіпкерлер, дәстүрлі соғыс қарулыры, махаббат, отбасы және қоғамдық мәселелер, т. б. тақырыпта мыңдаған мақалар, неше жүздеген дисертациялар жазылды. Романдағы қару-жарақтар мен ондағы лақап аттарды қазақ әдебиетіндегі үлгілермен салыстыра зерттеген адам олардан бірқатар ұқсастықтар табады. Әрі роман оқиғасынан қытайдың ерте кездегі қоғамдық жағдайын, мәдениетін түсінуге болады.

«Су бойында» романында да қазақтың ежелгі эпостық жыр-аңыздарындағы сияқты неше түрлі таңғадайып аңыздар берілген. Мысалы, 108 батыр бас қосқан Лияңшан қопасынан «тәңір кітабы» табылады. Онда 108 батырдың аттары аталынып реті байынша орындары көрсетіледі. Романдағы бұл кейіпкерлер қанша теңдессіз ержүрек сардарлар болғанымен сол кездегі қоғамдық салыттың бұғау, шырмауынан шыға алмаған қара танымайтын қаратабан бұқара еді. Феодалдық езгіге шыдай алмай қарсылық көрсеткенімен,

оларды халықты бастайтын алғабасар мұрат кемшіл болды. Ерлігі мен батырлығы сай жандар болғанымен, барлық әрекеттері, талпыныстары қарақшылық сипатында болды да, соңында жеңіліс табумен аяқтады. Бұл аталған романның идеялық жақтағы бір ерешелігі. Жазушы романда батырлар обыразы арқылы Солтүстік Суң династиясының соңғы кезіндегі шаруалар көтерілісін егжей-тегжейлеп суреттеп, Қытай ескі қоғамының әлеуметтік жағдайын баяндайды. Алайда бұл шығарманың құнын арттырып тұрған өзекті түйін — романда көтерілген ижеяда емес, қайта туындыда қамтылған тарихи, мәдени материалдар, тарихи деректер еді. Батырлар обыразына жастай суреттеліп, баяндалып отырған қару-жарақтар соның куәсі. Сондықтан да романдағы онмастикалық атауларды зерттеудің мәні зор.

Әдебиеттер:

沈伯俊. 水浒传研究论文集. 中华书局, 1993, 335 页.

Шы Нэйянь. Су бойында романы, қазақша нұсқасы. Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2009, 631 б.

钟少昇. 中国古冷兵器的历史和传统. 北京: 解放军出版社, 1999, 432 页.

Жеті ғасыр жырлайды. құраст. Е. Дүйсенбайұлы, – Алматы: Жазушы, 2004. 1-том, 400 б.

许勇强, 李蕊芹. 水浒传研究史. 中国社会科学出版社, 2017, 412 页.

韩利峰. 水浒传中传统冷兵器名称的研究. 喀什大学, 硕士学位论文, 2016, 73 页.

郑铁伟. 中国古代冷兵器. 上海文化出版社, 2008, 131 页.

Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011 б.

Б. Әлімжанов. Батыр болмақ сойдан – дүр. Астана, 2019, 64 б.

Батырлар жыры. 3-том, ред. Е. Дүйсенбайұлы. Алматы: Жазушы, 2006, 294 б.

Абдрахманова Т.М. (2004) Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдерінің ерекшелігі // Тілтаным. Алматы, 2004. № 4. 129 б.

Рахымберлина С.Ә. Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіналу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша/ Рахымберлина, Сағила Әбдіғалиқызы. Астана : Print Shop, 2009.

References:

Shin Bojun (1993) Research on the novel su boda. China book publishing house. 335 P. (in Chin.)

She Said. She Said. Novel by the water (2009) Urumqi: Shinjiyang Halyk publishing house. 631 P. (in Kaz.)

Zhong Chauy (1999). The history and tradition of China's ancient cold weapons. Beijing: People's Liberation Army publishing house. 432 p. (in Chin.)

Seven centuries sings (2004). comp. E. Duisenbayuly, Almaty. Volume 1, 400 P. (in Kaz.)

Shui Yunchuan, Li Ruizhin (2017). The history of the study of the novel along the water. Publishing house of Social Sciences. 412 P. (in Chin.)

Han Nodded (2016). A study of the weapons of war in the novel along the water. Kashgar University, Master's thesis. 73 P. (in Chin.)

Zhyn Tiejuy (2008). Cold weapons of China in ancient times. Shankhai publishing house of Culture. 131 p. (in Chin.)

Aibyn. Encyclopedia. / Editor-in-chief B. U. Jacob. Almaty: Kazakh encyclopedia, 2011 p. (in Kaz.)

Alimzhanov B. (2019) The hero will be slaughtered. Astana. 64 P. (in Kaz.)

Song of heroes (2006). Volume 3, Ed. "Yes," He Said. Almaty. 294 P. (in Kaz.)

Abdrakhmanova T.M. (2004) Peculiarities of nicknames in Kazakh, Russian and German language // Tiltanym. Almaty. No. 4. 129 p. (in Kaz.)

Rakhymberlina S.A. (2009) Ethnolinguistic and cognitive character of informal human names in the Kazakh language: diss prepared for the academic degree of candidate of Philological Sciences. abstract. Specialty 10.02.02 / Rakhymberlina, Sagila Abdigalieva. Astana: Print Shop. 30 p. (In Kazakh)

***¹Саметова Ж.Ш. ²Муса Ә.Т. ³Беласарова Ж.Т.**

^{1,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы,

²Казахстан КазНАИ им.Т. Жургенова, Алматы,

E-mail: ¹Janagul-85@mail.ru, ²tatai09@mail.ru, ³akmaral.itemirova@mail.ru,

⁴zhaidar77@mail.ru

ФУНКЦИИ НАЗВАНИЙ ОРУЖИЯ И ПРОЗВИЩ В КЛАССИЧЕСКОМ КИТАЙСКОМ РОМАНЕ «ВДОЛЬ ВОДЫ»

Аннотация. В данной исследовательской статье будет рассмотрен пример современной китайской литературы на основе названий оружия и прозвищ в классическом романе, состоящем из четырех книг «Вдоль воды». Роман «Вдоль воды» повествует об историко-социальной реальности времен Северного царства Сун, то есть о борьбе народных масс против феодального угнетения. Те, кто им командовал, были заговорами со стороны царской Орды и сражались за справедливость, отказываясь от Алмаза. Следуя принципу «Следуй пути Тенгри», герои, ищущие справедливости, собираются вместе. Эти события прекрасно сочетаются с мифами-легендами, которые широко распространены в романе. В романе писатель Шай Найянь называет всех их по отдельности прозвищами, как выигрышный художественный прием, подчеркивающий подвиг героев, и каждый герой носит оружие, которого заслуживает. Это усилило синеватую силу, влияние романа. Основная цель статьи – не изучение идеи, исторического подтекста или иных особенностей романа, а изучение изображенных в нем ранних военных доспехов и прозвищ. А в основные задачи работы входит признание коренной культуры Китая путем изучения традиционного холодного оружия и прозвищ в эпофее «Вдоль воды», классическом произведении китайской литературы раннего времени; а также упоминание и анализ военного оружия в названном романе. Результаты исследования суммируются в два узла: один, описанный в романе, рассматривался в сравнении ранних китайских дынь с оригиналом. Теперь исследуются прозвища, приписываемые 108 героям романа. Здесь была исследована функция, которую псевдонимы выполняют в романе.

Ключевые слова: китайская литература раннего времени, роман-эпофия «Вдоль воды», военное оружие, прозвища, функции.

***¹Sametova Zh. ²Musa A. ³Belassarova Zh.**

^{1,3}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²T. Zhurgenov KazNAI named after, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹Janagul-85@mail.ru, ²tatai09@mail.ru, ³akmaral.itemirova@mail.ru,

⁴zhaidar77@mail.ru

THE FUNCTION OF WEAPON NAMES AND NICKNAMES IN THE CLASSICAL CHINESE NOVEL “ALONG THE WATER”

Abstract. This research article will examine an example of modern Chinese literature based on the names of weapons and nicknames in the classic novel consisting of four books «Along the Water». The novel «Along the Water» tells about the historical and social reality of the times of the Northern Song Kingdom, that is, about the struggle of the masses against feudal oppression. Those who commanded him were conspirators on the part of the royal Horde and fought for justice, refusing the Diamond. Following the principle of "Follow the path of Tengri", heroes seeking justice come together. These events are perfectly combined with the myths and legends that are widespread in the novel. In the novel, the writer Shai Naiyan calls all of them individually by nicknames, as a winning artistic device that emphasizes the feat of the heroes, and each hero carries a weapon that he deserves. This increased the bluish power, the influence of the novel. The main purpose of the article is not to study the idea, historical subtext or other features of the novel, but to study the early military armor and nicknames depicted in it. And the main tasks of the work include the recognition of the indigenous culture of China by studying traditional edged weapons and nicknames in the epic «Along the Water», a classic work of early Chinese literature; as well as the mention and analysis of military weapons in the named novel. The results of the study are summarized in two nodes: one described in the novel was considered in comparison of early Chinese melons with the original. Now the nicknames attributed to 108 characters of the novel are being investigated. Here, the function that pseudonyms perform in the novel was investigated.

Keywords: Chinese literature of early times, novel-epophy «Along the Water», military weapons, nicknames, functions.

Авторлар туралы мәлімет:

Саметова Жанакүль Шынгисхановна, PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.

Мұса Әділет Төлеуұлы, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, Қазақстан.

Беласарова Жайдаркул Тауирбаевна, PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Саметова Жанакүль Шынгисхановна, доктор PhD, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан.

Муса Адилет Төлеуович, КазНАИ им.Т. Жургенова, Алматы, Казахстан.

Беласарова Жайдаркул Тауирбаевна доктор PhD, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Zhanakul Shyngiskhanovna Sametova, PhD, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan.

Musa Adilet Toleuovich, lecturer of the Department of «Traditional Musical Art» T. Zhurgenov KazNAI, Almaty, Kazakhstan.

Akmaral Seitovna teacher of Kazakh language and literature, College of the Caspian Public University, Almaty, Kazakhstan.

Belassarova Zhaidarkul, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Philology, Almaty, Kazakhstan.